

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы

25.05.2023 ж.

Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”

25.05.2023

Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы исследования тюркских рунических памятников»

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

АРМЯН ЖАЗУЛЫ ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНДЕГІ ӨТКЕН ШАҚ ЕТІСТІГІНІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ЖАСАЛУЫ

С.М. Төребекова
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті,
Астана, Қазақстан
saule_torebekova@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада XVI-XVII ғасырлардағы армян жазулы қыпшақ ескерткіштері тіліндегі өткен шақ етістігінің аналитикалық формасының жасалу жолдары, мағыналық ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу материалы ретінде А. Гаркавецтің «Кыпчакское письменное наследие: Т I, II, Каталог и тексты памятников армянским письмом» деген атпен жарияланған еңбегінен мысалдар алынады. Мұнда 1519-1628 жылдар аралығында жазылып сақталған 109 қолжазба мен 1618 жылы Львов қаласында қыпшақ тілінде армян жазуымен баспадан басылып шыққан «Алғыш бітікі» – дұғалықтар кітабының мәтіндері транскрипцияланып берілген, акт кітаптарының мазмұндалған каталогы мен мәтін үлгілері көрініс тапқан.

Кілт сөздер: армян-қыпшақ ескерткіштері, етістік, өткен шақ, аналитикалық форма.

Abstract. In this article, the ways of creating the analytical form of the past tense verb in the language of the Armenian-Kipchak monuments of the XVI-XVII centuries, semantic features are considered. As a research material, examples are taken from the work of A. Garkavets published under the title «Kypchakское pisjmennoe nasledye: T I, II, Katalog i teksty pamyatnykov armyanskim pismom». Here, 109 manuscripts written between 1519-1628 and the texts of the prayer book «Algys Bitiki» printed in Kypchak language in Lviv in 1618, a book of prayers, a detailed catalog of act books and text samples are presented.

Keywords: Armenian-Kipchak monuments, verb, past tense, analytical form

Қазақ халқының өткен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тұрмыс-тіршілігі мен діни наным-сенімдерінен мағлұмат беретін асыл мұраларының бірі – орта ғасырдағы армян жазулы қыпшақ жазба ескерткіштері. Ескерткіш тілін зерттеп-зерделеудегі тілдік фактілер қыпшақ тілінің ерекшелігін, грамматикалық, морфологиялық модельдерін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Осыған орай зерттеуімізге нысан ретінде алынған армян жазулы қыпшақ жазба ескерткіштер тіліндегі өткен шақ етістігінің аналитикалық формасының жасалу жолдары мен мағыналық ерекшеліктерін қарастырамыз.

Грамматикалық категориялардың мағынасын білдіретін көрсеткіштердің бір түрі – аналитикалық форманттар. Аналитикалық формант деп қосымша мен көмекші сөзден құралып, бір грамматикалық мағына беретін тілдік бірлік аталады [3:252].

Аналитикалық форманттар етістіктің барлық дерлік категорияларының құрамында қызмет етеді. Категориялардың мағынасын білдіретін көрсеткіш қызметін атқарып, етістіктерді түрлі грамматикалық категориялардың аналитикалық тұлғасына көшіреді [3:254].

Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері тілінде *edi* көмекші етістігі етістік формаларымен тіркесіп, күрделі (аналитикалық) өткен шақ формасын жасайды, яғни тіркескен сөздеріне өткен шақтық мағына үстейді. Н. Оралбаева қатыстық өткен шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы осы шақ формаларының бәріне *edi* көмекші етістігі тіркесіп олардан қатыстық өткен шақтың аналитикалық формасы жасалады... Қатыстық өткен шақ бұрын болған қимылды еске түсіру мағынасын білдерді, – дейді [3]. Шындығында да, қазіргі кезде сөйлеп тұрған мезгілден әлде қайда бұрын болған оқиғаны баяндау, түсіндіру, жеткізу мақсатында *edi* көмекші етістігін пайдаланамыз.

Ескерткіште *edi* көмекші етістігінің тіркесімділік қабілеті жоғары. Етістіктің грамматикалық категорияларының қосымшаларына тіркесіп келіп, әртүрлі мағыналық реңктер үстейді.

Талданып отырған армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде өткен шақ етістігінің аналитикалық формалары *-ыйыр edi*, *-ый edi*, *-n edi*, *-ған edi*, *-ар edi*, *-гай/-гый edi*, *-са edi* формалары арқылы жасалады.

1. *-(ы)ыйыр edi*. Ескерткіш тілінде *-ыйыр* осы шақ формасынан кейін «еді» көмекші етістігі тіркесіп, өткен шақта жасалған іс-қимылдан ілгерірек, яғни одан бұрын жасалған және кейінгі қимыл басталмастын бұрын біткен қимылды көрсетеді. Т.И. Грунин бұл форманы белгілі (айқын) имперфект деп қарастырады: «Определенный имперфект употребляется для передачи действия, длившегося в определенный момент прошлого и, как правило, сопровождающее другое действие» [3:368]. Шындығында, *-ыйыр edi* формасы мағынасына қарай аяқталған немесе тоқтатылған сәтін көрсетпей оны болып жатқан немесе қайталанған үрдісінде қарастырылатын бұрынғы іс-әрекетті немесе жағдайды білдіретін ілгерідегі өткен шақты білдіреді. Мысалы: «*bariyr edim men sekinlik bilä, zera buyruхиңни seniң xoldum*» (жуастығыммен баратын едім, бірақ бұйрығыңды сенің сұрадым) [1, I:853]; «*ayzından aniñ otlu yalın çixiyr edi*» (аузынан оның отты жалын шығатын еді) [1, I:144]; «*izdiyr edilär žanimni menim*» (жанымды менің іздейтін еді) [1, I:665].

2. *-(ы)й edi*. Ауыспалы осы шақтың *-ый* формасы мен *edi* көмекші етістігі тіркесіп, нақты өткен шақ мағынасын береді, яғни өткен шақта болған әрекетті нақты, сенімді сипаттайды. Ол сипаттап тұрған уақыт осы шақтан бұрын болған, яғни, қазіргі уақытпен еш байланысы болмайды. Ескерткіште бұл көбінесе аяқталмаған іс-әрекетті, яғни ұзақ қайталанатын әрекетті білдіреді. Мысалы: «*men kensim da yedim, bilmäs edim ki xaydan aliй edilär*» (мен өзім де жедім, бірақ олар оны қайдан алатынын білмес едім) [1, I: 15];

Екіншіден, өткен шақтың белгілі бір кезеңіне дейін жалғасып, осы кезеңді қоса белгілі бір уақыт мерзіміне дейін созылған созылмалы іс-әрекетті білдіреді: «*Keçädän, da ertä, da yarimküändä töziy edim Teñrimä menim*» (түнде де, таңда да, түсте де Тәңіріме менің сыйынатын едім) [1, I:115];

Үшіншіден, әреттің жалпы сипаттамасын білдіреді: «*Evet bilirmen anı igi, ki anası säbärçi dügül edi ölümünä oylannıñ da oylan Zadigkä, Toska oyluna bek oǵşıy edi zera oylan andan edir*» (ия, оны жақсы білемін, анасы ұлының өліміне кінәлі емес еді, баласы Тосканың ұлы Задикқа өте ұқсайтын еді, өйткені бала оныкі еді) [1, I:949]; «*öv eyäsın kensiniñ Agopnu Gurey oylun sıñarın Marenkonu kečä zamanında yuǵlaganların soydu da öldürdü ğaysı ki heç bolmıy edir*» (өзінің үй иесін Гурег ұлы Агопты, әйелін Маренконы ұйықтап жатқан түн уақытында сойды да өлтірді, мұндай ешқашан болған емес еді) [1, I:15].

3. *-ap edi*. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде *-ap* аорист формасына *-edi* көмекші етістігі тіркесіп, белгілі бір жағдайларда бұрын жасалуы керек іс-әрекетті, бірақ іс жүзінде жүзеге асырылмаған іс-қимылды білдіреді.

Ескерткіште белгісіз имперфект *-ap edi* формасы мынадай мағыналарда жұмсалады: біріншіден, белгісіз өткен шақ мағынасын білдіріп, өткен уақытта болған оқиғаны сипаттап көрсетеді: «*Bastılar meni duşmanlarım här kün, köplär edilär, ki ğalışırlar edi benim bilä biyiktän*» (әр күн дұшпандарым мені басты [1, I:825], екіншіден, конъюнктивті мағынаны, яғни ирреалды қалауды немесе болжауды білдіреді: «*egär ki joǵovurtum benim işitsä edi maña ya Israyel yolum bilä benim yürüsä edi neçik heç nemäni, alay aşaxlatır edim duşmanların alarnıñ da ğiynaganlar üsnä alarni salır edim ğolumnu*» (егер халқым мені тыңдағанда немесе Исраил менің жолыммен жүргенде, ондай дұшпандарды жәбірлер едім де қинағандар үстіне қолымды ұзатар едім (көмектесер едім) [1, I:837].

4. *-ğay edu*. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде өткен шақтың тағы бір түрі *-ğay/-ğäy*, *-kay/-käy* келер шақ формасы мен *edu* көмекші етістігі тіркесіп, күрделі (аналитикалық) формада қолданылады. Ескерткіште *-ğiy/-ğyiy*, *-kyy/-kiyy* *edi* қысаң варианты да кездеседі. Осы форма туралы түркітануда қарама-қайшы көзқарастар кездеседі. А.А. Юлдашев: «*-ğay edu* формасы түркі тілдерінде негізінде екі түрлі жолмен қолданылады. Кейбір тілдерде, мысалы, көне ұйғыр ескерткіштері тілінде, бұл форма үндеулік (сослагательный) райдың формасы ретінде қолданылса, басқа тілдерде қалау райдың көрсеткіші ретінде жұмсалады» – деп жазды [5:210-211]. Н.А. Баскаков *-ğay edu* формасын *-ған edu* формасына ұқсайды деп, өткен шақты беретін мағына деп қараған [6:446]. Н.К. Дмитриев: «осы форма арқылы берілетін тілек, қалау мағынасы контекске байланысты өткен шаққа кіруі мүмкін. Бұл жағдайда тілеген іс-әрекет өткенде орындалмағандықтан өзінің сипаты бойынша қалау райға емес, үндеулік (сослагательный) райға жақын болады» – дейді [7:122].

Жалпы *edi* көмекші етістігі тарихи *e (ep)* етістігінің жедел өткен шақ формасынан (ер+ді) қалыптасқан. Осыған сәйкес *edi* формасы қай сөзге тіркессе де оған өткен шақ мағынасын үстейді және жіктеліп жұмсалады [8:249]. Н.А. Баскаков, Н.К. Дмитриев және т.б. ғалымдардың осы форманы өткен шақтағы арман, тілекті білдіреді деген пікірлерін қолдаймыз.

Ескерткіш тілінде *-ğay/-ğäy*, *-kay/-käy*, *-ğyiy/-ğiy* *edu* формасы мынадай мағыналарда жұмсалады:

а) Сөйлеуші адамның сөзінен орындалмаған арман, тілек айқын білінеді: «*bergäy edi kimesä maña ğanatlar, neçik küğürçinniñ, ki uğkay edim, kötürülgäy*

edim, yiraxlanip, toxtagay edim yabanlihta» (біреу маған көгершіннің қанаттарын берсе, ұшқай едім, көтерілгей едім, жырақтанып шөл далада тоқтағай едім) [1, I:328];

ә) Сөйлеушінің бір іс-әрекетке өкінгендігін, налығандығын білдіреді: «*heç toymagiy ediy da ne günäs yarixin da körmägiy ediy*» (еш тумағай едің де не күн сәулесін де көрмегей едің) [1, I:798]; «*heç bu rozkoşnu bilmägäy ediy*» (бұл молшылықты еш білмегей едің) [2, II:509];

б) *edu* көмекші сөзі тіркескен *-gay* формасы шартты бағыныңқы сөйлемдердегі басыңқы сөйлем баяндауыштарында кездесіп, бағыныңқыдағы берілген іс-әрекет, қимылдың болмай қалмайтындығы туралы мағына білдіреді: «*egär çarä bolgay edi közüñüzni dä çixarip siziñ da bergäy ediñiz maña*» (егер мүмкіндік болса, көзінді де шығарып, бергей едіңіз маған) [1, I:482];

в) Іс-әрекеттің болжалды мәнін білдіреді: «*egär ki yoldaşları...zastupit etmäslär edir, bolur edir ki meni öldürgäy edir*» (егер жолдастарым араша түспегенде, мүмкін, мені өлтірмей еді) [1, I:893], «*egär barça ten köz bolsa edi xayda bolgay edi xulax*» (егер барша тән (дене) көз болса, құлақ қайда болар еді) [1, I:467].

ғ) Сөйлеуші адамның іс-әрекетке күдігін білдіреді: «*tamuhta saxlagay ediy meni da yapkay ediy meni negä deg keçsä öç almañiñ seniñ*» (сенің өш алуың кешкенге дейін тозақта сақтағай едің де жапқай едің мені) [2, II:642];

д) *-gay edu/-guy edu = -ca* формасы құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сөйлемнің баяндауышында келіп, шартты бағыныңқы құрмалас сөйлем мағынасын білдіреді: «*egär ki bilgäy edi tuvariniñ yaman xiliñin, ki ziyan etüci edi, da ketärmägäy kendiniñ xatından, keräk tügäl baha tölägäy öldürgän ögüznüñ*» (егер малының жаман мінезін, зиян келтіретінін білсе, бірақ одан өзі құтылмаса, өлген өгіздің түгел бағасын төлесін) [1, I:720]; «*Egär kendi kütücidän ziyan bolsa ayaç bilä urmañtan, ya taş bilä, ya nemä bilä atmañtan nañis etkiy edi ya öldürgiy edi, ziyanin tölämäx keräk*» (Егер өзі күтушісінен таяқпен немесе таспен ұрғандықтан зиян болса немесе бір нәрсе лақтырып, мерткітсе немесе өлтірсе, зиянын төлеу керек) [1, I:743];

е) Құрмалас сөйлемнің құрамында бағыныңқылы сыңары шартты райлы баяндауышты болса, басыңқы сыңары *-gay edi* формалы етістік болса, онда армандау, тілектік мағынаны білдіреді: «*egär ki duşman azarlasa edi tözgiy edim*» (егер де дұшпан азаптаса, төзгей едім) [824 б.]; 2. «*bersä edi maña kimsä xanat neçik kügürçinniñ ki uçup biyikläñip yiraxlanip turgiy edim anabadda*» (көгершіннің қанатын біреу маған берген болса, ұшып, биіктеніп, жырақтанып түзде (сахарада) тұрғай едім) [1, I:824].

5. *-n edu*. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде бұрынғы өткен шақтың күрделі формалары *-n, -yn, -in* көсемше формасына *edi* көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалады. Өткен шақтың бұл түрі тұжырымды (нәтижелі), айғақты мәнді білдіреді. Мысалы: «*yedi milliñ yergä Satanovga yarmarkka ketip edim*» (жеті шақырым жерге Сатановқа жәрмеңкеге кетіп едім) [1, I:924]; «*bu oylum benim ölüp edir, tirildi, tas bolup edir, tapildi*» (бұл ұлым менің өліп еді, тірілді, жоғалып еді, табылды) [2, II:635].

Құрмалас сөйлемнің компоненттерін байланыстыруда *-ып еді* формасы «*хаџан, хаџан ки, хауда, хаусі, хаусі ки, не zaman*» сияқты байланыстырушы жалғаулықтармен бірге қолданылып, мезгіл мәнін білдіреді. Мысалы: «*ne zaman ki хаџір еді үйүндән Аписоџомон оџлуниџ*» (Авессалом ұлының себінен қашып еді) [1, I:375]; «*хауда ки көмүлүп едим, белгисиздир*» (қайда көміліп едім, белгісіз) [1, I:284].

б. *-ган еди*. Бұрынғы өткен шақтың тағы бір күрделі формасы армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде *-ган/-гән, -кан/-кән* формалы есімшеге *e (еди)* көмекші етістігі тіркесіп жасалады: «*satun алган еди кенси аџасина*» (өз ақшасына сатып алған еді) [1, I:718]; «*ol төрәләр yazılган еди ermeni tili bilä*» (армян тілімен ол төрелер (заңдар) жазылған еді) [1, I:707]; «*siz bir zaman keri түшкән едиџиз Теһридән*» (сіз бір заман Тәңірден кері түскен едіңіз) [1, I:455].

7. *-са еди*. Шартты рай формасының *-са, -се* аффиксі мен *еди* көмекші етістігі тіркесе келіп, іс-әрекет, қимылды істеуге сөйлеуші адамның тілегін білдіреді. Бұл форманың ерекшелігі сөйлем контексіне қарай көбіне күдік, қауіп, жорамал, абыржу, алаңдау реңктерімен қатар контекске қарай сөйлеушінің тілегінің күштілігін де көрсетеді. Ескертшітегі *-са еди* формасы төмендегідей мағыналарда жұмсалады:

а) ескерткіште *-са еди* формасы өкініш мағынасын білдіреді: «*Adäm atamiz da Jewa anamiz teһriniџ buyruџun saxlasalar еди, түшmäslär еди ol haybattan*» (Адам атамызбен Ева анамыз Тәңірдің бұйрығын сақтағанда, ол ғайбаттан түспес еді) [1, I:173];

ә) күрделі *-са еді* форманты амалға тек арман мәнін үстейді, бірақ оның орындалуы я орындалмауы жөнінде ешқандай мәлімет білдірмейді. Мысалы: «*bersü еди maџa kimsä ханат neџik күгүрčinniџ ки uџup biyikläniп yiraхlaniп турgiу едим anabadda*» (біреу маған көгершіннің қанатын берген болса, ұшып, биіктеніп, жырақтанып тұрғай едім түзде (сахарада)) [1, I:824];

б) қимыл-іс әрекеттің іс жүзіне асуын білдіреді: «*egär ki айтсам еди, да ки: «Bulay аytiiyim» ošta džiins оуланларiiһniџ seniџ, хаусиларина да ант еттим*» (егер айтатын болсам, былай айтайын, мына сенің ұлдарыңның тұқымына, қайсысаларына да ант еттім) [1, I:832];

в) іс-әрекеттің болжалды-қарсылықты мәнін білдерді: «*egär ki bunu etsäm еди akahlıktän benim, saџa da yaman priklad берir едим*» (егер де мұны сараңдығымнан жасағанымда, саған да жаман үлгі берер едім [2, II:344]; «*čiraх bilä дә izdüsülär еди meni tapmaslar еди*» (мені шаммен іздесе де, таппас еді) [1, I:119].

г) іс-әрекеттің болжалды-шартты мәнін білдіреді: «*suxlanmaхni tanimas едим egär orenk' bilä аytılmasa еди*» (егер заңмен айтылмағанда, әуестікті танымас едім) [1, I:450]; «*egär ki čaräsiz iş bolsa еди төрә хоуmas еди*» (егер қолайсыз іс (жұмыс) болғанда, төре қоймас еді) [1, I:691]; «*biliklik bolsa еди bolur едик sinap u taџlap zämanäsiniä körä*» (білім болғанда, заманына қарай таңдап не сынап болар едік) [1, I:679].

е) «*egär ki tanisalar еди anı, tedi хорхсарлар еди andan*» (егер де оны таныған болса, онда одан қорқуы керек еді) [2, II:234], «*alar kensiläri Movsesni kömsälär*

edi här zaman yürüsärlär edi kerezmanına anıñ navidžat etip» (олар өздері Мовсесті көмген болса, әр қашан қабіріне оның жағдайын сұрап бару керек еді) [2,II:492].

Сонымен, армян жазулы қыпшақ ескерткіші тілінде өткен шақ етістігінің аналитикалық формалары *-ыйыр еді, -ый еді, -п еді, -ған еді, -ар еді, -ғай/-ғый еді, -са еді* формалары арқылы жасалғаны анықталды. Ескерткіш тілінде *еді* көмекші етістігінің тіркесімділік қабілеті өте жоғары екендігі байқалды. Етістіктің грамматикалық категорияларының қосымшаларына тіркесіп келіп, қалау, күдіктену, тілек, өтініш, шартты сияқты әртүрлі мағыналық реңктер үстелгені айқындалды.

Әдебиет

1. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: каталог и тексты памятников армянским письмом. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. – Т. 1. – 1084 с.
2. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: Памятники духовной культуры караимов, куманов-половцев и армяно-кыпчаков. Т. II. – Алматы: KASEAN; БАУР, 2007. – 912 с.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: ЖШС «Инжу-Маржан полиграфия фирмасы», 2007. – 390 б.
4. Грунин Т.И. Документы на половецком языке XVI в. – М.: Наука, 1967. – 430 с.
5. Юлдашев А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. – Москва: Изд.: Наука, 1965. – 275 с.
6. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. – Москва: Изд. АН СССР, 1952. – 544 с.
7. Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – 206 с.
8. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

КӨНЕ АНАТОЛИЯДА ТАБЫЛҒАН ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

Шалдарбекова А.Б.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

ajars@mail.ru

Аннотация: Көне Анатолияда (Кіші Азия) ХІХ ғасырдың басында жарыққа шығарылған сына жазулы мәтіндер бұл аумақта табылған ең алғашқы жазба дереккөздері. Аталған ескерткіштер орталық Кіші Азия яғни, қазіргі Кайсери қаласының жанынан Күлтере қалашығында табылған. Күлтере (ежелгі